

2002 жылғы 16 қазанда N 2012 мемлекеттік тіркеуден өткен "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 3 бұйрығына N 7 өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2003 жылғы 21 қаңтардағы N 10 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 13 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 2170. Күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2005 жылғы 2 маусымдағы N 75 Бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

*"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" қаулысының қабылдануына с ә й к е с*

*Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :*

*1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту бойынша бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.*

*2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қатынастарға әрекет етеді.*

*Министр*

*Қ а з а қ с т а н                                    Р е с п у б л и к а с ы*  
*Э к о н о м и к а                                    ж ә н е                                    б ю д ж е т т і к*  
*ж о с п а р л а у                                    М и н и с т р л і г і н і ң*  
*2 0 0 5   ж ы л ғ ы   2   м а у с ы м д а ғ ы*

*N 75 бұйрығына қосымша*

*Б і р ы ң ғ а й                                    б ю д ж е т т і к                                    с ы н ы п т а м а с ы н*  
*б е к і т у   б о й ы н ш а   б ұ й р ы қ   т і з б е с і*

*38. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2003 жылғы 21 қаңтардағы N 10 (тіркелген N 2170) "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 3 "Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы, тіркелген N 2012" бұйрығына N 7 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" бұйрығы...*

-----

## Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. N 2012 мемлекеттік тіркеуден өткен "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 3 бұйрығына (2002 жылғы 1 қазанда N 5 - N 2013 мемлекеттік тіркеуден өткен, 2002 жылғы 17 қазанда N 10 - N 2018 мемлекеттік тіркеуден өткен, 2002 жылғы 25 қараша N 27 - N 2094 мемлекеттік тіркеуден өткен, 2002 жылғы 6 желтоқсандағы N 37 - N 2101 мемлекеттік тіркеуден өткен, 2002 жылғы 14 желтоқсандағы N 43 - N 2086 мемлекеттік тіркеуден өткен, 2003 жылғы 6 қаңтардағы N 52 - N 2119 мемлекеттік тіркеуден өткен) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

1) бюджет кірістерінің сыныптамасында:  
"Салықтық түсімдер" 1 санатында:

"Тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге салынатын ішкі салықтар" 05 с ы н ы б ы н д а :

"Акциздер" 2 кіші қосымша сыныбында:

"Арнайы жабдықталған стационарлық бекеттерден түпкілікті тұтынушыға өткізілетінді қоспағанда, Қазақстан Республикасы аумағында өндірілетін бензин (авиация бензинінен басқа)" 30, "Арнайы жабдықталған стационарлық бекеттерден түпкілікті тұтынушыға өткізілетін бензин (авиация бензинінен басқа ) 31, "Арнайы жабдықталған стационарлық бекеттерден түпкілікті тұтынушыға өткізілетінді қоспағанда, Қазақстан Республикасы аумағында өндірілетін дизель отыны" 32, "Арнайы жабдықталған стационарлық бекеттерден түпкілікті тұтынушыға өткізілетін дизель отыны" 33, "Заңды және жеке тұлғаларға көтерме сауда бағасымен өткізілетін (одан әрі қайта сату мақсатында бензин (авиация бензинінен басқа) 34 және "Заңды және жеке тұлғаларға көтерме сауда бағасымен өткізілетін (одан әрі қайта сату мақсатында) дизель отыны" 35 ерекшеліктері бойынша "Әрекеттің аяқталу күні" бағаны "01.01.03." сандарымен толықтырылсын.

мынадай мазмұндағы 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96 және 97 ерекшеліктермен толықтырылсын:

"90 Өндірушілер көтерме сауда бағасымен өткізетін өзі өндірген бензин ( авиация бензинін қоспағанда)

91 Өндірушілер көтерме сауда бағасымен өткізілетін өзі өндірген дизель отыны

92 Өндірушілерге бөлшек сауда бағасымен өткізілетін өз өндірісінің бензині ( авиация бензинін қоспағанда), өзінің өндірістік қажеттеріне пайдалану

93 Өндірушілерге бөлшек сауда бағасымен өткізілетін өз өндірісінің дизель отыны, өзінің өндірістік қажеттеріне пайдалану

94 Заңды және жеке тұлғаларға көтерме сауда бағасымен өткізілетін бензин (авиация бензинін қоспағанда)

95 Заңды және жеке тұлғаларға көтерме сауда бағасымен өткізілетін дизель отыны

96 Заңды және жеке тұлғаларға бөлшек сауда бағасымен өткізілетін бензин (авиация бензинін қоспағанда), өзінің өндірістік қажеттеріне пайдалану

97 Заңды және жеке тұлғаларға бөлшек сауда бағасымен өткізілетін дизель отыны, өзінің өндірістік қажеттеріне пайдалану";

4 "Алынған ресми трансферттер" санатында:

01 "Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер" сыныбында:

2 сыныбындағы "Облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен алынатын трансферттер" қосымша сыныбындағы:

"Батыс Қазақстан облысының облыстық бюджетінен бюджеттік алулар" 09 ерекшелігі бойынша "Қызметін аяқтау күні" бағанындағы "01.01.02." сандары алынып тасталсын;

"Қарағанды облысының облыстық бюджетінен бюджеттік алулар" 10 және "Астана қаласының бюджетінен бюджеттік алымдар" 18 ерекшеліктері бойынша "Әрекеттің аяқталу күні" бағаны "01.01.03." сандарымен толықтырылсын.

2) бюджет шығындарының сыныптамасында:

"Басқалары" 13 функциональдық тобындағы "Басқалары" 9 кіші функциясы "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын шағын және орташа бизнесті, мемлекеттік сатып алуды көтермелейтін экономиканың атқарушы органы" 272 бағдарламаның әкімшісі бойынша мынадай мазмұндағы 037 бағдарламасымен толықтырылсын:

"037 Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдері".

2. Бюджеттік саясат және жоспарлау департаменті (Б.Т.Сұлтанов) Құқықтық және ұйымдық жұмыс департаментімен бірге (Е.Е.Исаев) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде ол мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап туындайтын қатынастарға қолданылады.

*Министр*

